

Известия АН КР № 1 стр.

**Абстракт соңында!**

ӘОЖ:81'42;801.7

Г.Н.СМАҒҰЛОВА

## ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӘЛЕМІНДЕГІ «СҰЛУЛЫҚ» КОНЦЕПТІСІ

(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.)

**Аннотация.** Адамзат қоғамында құндылықтар әлемі әр түрлі. Солардың ішінде сұлулық, әдемілік, үйлесімділікті көрсететін эстетикалық құндылықтар бар. Адамдар өміріндегі, моральдық, әлеуметтік сияқты құндылықтар өзгермелі болса, эстетикалық құндылықтар көбінесе тұрақты болып келеді. Себебі, сұлулықты көрсететін нысан – зат, табиғат аясы, түрлі көріністер т.б. толып жатқан конкретті әсемдік әлемі адамдар қабылдауында тұрақтылығымен ерекшеленеді. Демек дүниедегі үйлесімділік әлемнің тілдік суретінің ең маңызды бөлігі. Бұл мақаланың мақсаты – қазақ тіліндегі «сұлулық» концептісінің этномәдени ерекшеліктерін және құндылықтар әлеміндегі орнын фразеологиялық мысалдармен талдау арқылы лингвомәдени сипатын анықтау.

**Тірек сөздер:** құндылық, концепт, әлемнің тілдік суреті, этномәдени ерекшеліктер, менталдылық, фразеологизмдер.

**Ключевые слова:** ценность, концепт, языковая картина мира, этнокультурные особенности, ментальность, фразеологизмы

**Keywords:** value, concept, language picture of the world, ethno-cultural peculiarities, mentality, idioms

Тіл біліміндегі антропоцентрилік парадигма сөздік қордағы лексикалық қабаттардың концептілік ерекшеліктерін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді. Адам танымы мен болмысының қалыптасуы әлем суретін қалай қабылдауына байланысты. Тілді оның иесі адаммен байланыстыра қарастыру нәтижесі жаңа ғылыми парадигмаларды дүниеге келтірді. Солардың бірі тіл мен адам факторы когнитивтік лингвистиканың зерттеу нысанына айналды.

Когнитивті тіл білімінің басты категориясы – концептілер. Бұл ретте когнитивтік лингвистика туралы, Дж.Лакофф, А.Вежбицкая, В.А.Маслова, Н.Д.Арутюнова, З.Д.Попова, И.А.Стернин, М.И.Пименова, С.Г. Воркачев, В.И. Карасик т.б. сондай-ақ, қазақ тіл білімінде Сүлейменова Э.Д., М.Күштаева, А.Ислам, А.Смаилов, К.Күркебаев т.б. еңбектерін атауға болады.

Этно-мәдени зерттеулер аясында когнитивтік фразеологияның нәтижелері концептілерді анықтауда басты нысан болып табылады. Фразеолог Алефриенко Н.Ф., Мокиенко В.М. т.б. ғалымдардың кітаптарында бұл саладағы ғылыми ой пікірлер жан-жақты талданған.

Қазіргі лингвистикада жеке концептілік лексемалардың ұлттық мәдени көрініс ретінде танылатын мазмұндық сипатына

айырықша назар аударылып жүр. Әр ұлттың менталды ойлау жүйесінде концептілер мәдениеттің негізгі ұясы ретінде танылады. Бұл ретте аксиологиялық зерттеулерді (құндылықтар туралы) атауға болады.

Әдетте адам өмірінде құндылықтар әр түрлі. Мәселен, **моральдық** (*адалдық пен әділеттілік*), **діни** (*мойынсұнушылық, төзімділік*), **әлеуметтік** (*қайырымдылық*), **сезімдік** (*махаббат, достық*), **эстетикалық** (*сұлулық, әсемділік, үйлесімділік*) т.б. Бірақ құндылықтар әлемі әрдайым өзгеріп отырады. Оған әсіресе, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер себепші болады. Себебі адамдардың өмір сүру ерекшеліктері және олардың жеке және топтық көқарастары құндылықтардың әлсіреуі мен күшеюіне әкеледі.

Алайда аталған және аталмаған құндылықтар арасында эстетикалық құндылықтар көп жағдайда өз деңгейін сақтап қалатын сияқты. Өйткені өзге құндылықтар өзгермелі болса, **сұлулық, әдемілік, үйлесімділік** қашанда адамдардың мәңгі құштарлығына арқау болатын конкретті дүние. Мысалы, ақша, мансап бір де бар, бір де жоқ дүние болса, эстетикалық ләззат сыйлайтын әсем табиғат көрінісі, адам сұлулығы т.б. үйлесімді әдемі зат, сұлу бейне әр кез адамдардың көз алдында.

Мақала аясында тек қыздың (әйелдің) сырт сұлулығына қатысты талданатын тілік фактілер ретінде қазақ фразеологизмдері алынды. Оның себебі, біріншіден, сұлулыққа қатысты бейне мен бейнелілік фразеологиялық деректермен жан-жақты айқындалады. Екіншіден, мәңгілік тақырып ретінде сұлулық туралы бүгінге дейін тілде сақталған тілдік бірліктер қазіргі жастар қолданысында жоқтың қасы болғандықтан, қаперге алынуы сияқты мақсат болды.

Сұлулық - адам баласының ерекше қасиеті әрі эстетикалық құндылығы. Сол себепті сұлулыққа тірі жанның бәрі құштар. Эстет жазушы Ғ.Мүсіреповтың «Кейде сұлулық пен ерлікті салыстырып қарасаң, жеңіс сұлулық жағында кетеді» деген сөзі бар.[1996:66 б.].

Сұлулықтың дәл бүгінгі эталонына қарағанда, бұрын қазақ менталдығында сұлулық басқа ұлттарға еліктемегендіктен, дәстүрлі болды. Бұл өзгешелік тілдің идиоматикасында сұлулықты бейнелейтін фраземалар арқылы ұлттық менталдық ерекшеліктерді байқатады. Қазақ менталитеті табиғат, қоршаған орта, әлеуметтік жағдай, мінез-құлық адамдар арасында ғасырлар бойы қалыптасқан дағдылы мәдени қарым-қатынас жүйелерінің ықпалымен қалыптасқан.

Сондықтан сұлулыққа берілген эмоционалды баға, бағалау дәрежесі мен сапасы кеше қандай болды?.. Жалпы сұлулық атаулы мен қыз сұлулығына берілген эстетикалық баға алдымен адамды

биологиялық тіршілік иесі ретінде белгілеген. Сол себепті, сұлулық мазмұнына аң-құстардан (зооморф - құралай көз, *Тотыдайын таранған, сұңқардайын сыланаған*), әдемі табиғат суреттерінен (фитоморф – *толған айдай, қырдың қызыл гүліндей, Сырдың құба талындай, атқан таңдай*), көз алдындағы өзіне ұнаған затынан (*аршыған жұмыртқадай, екі беті алмадай*) және ұнамды мифтік бейнелер әлемінен (*Хордың қызы*) ассоциация іздеген.

Әңгіме киімнің бер жағындағы сұлулық туралы боғандықтан, ұлт тілдерінің қайсысында болмасын сұлулық, әдемілік ұғымдары конкреттілігімен ерекшеленіп, қаншалықты өзгеріске түссе де табиғилығымен мен мұндалап тұрады. Өйткені поэтикалық образға айналған сұлулық әрдайым ел-жұрттың көз алдында, ұмытылмас жадында. Бұл ретте сұлулық концептісі тек бейнелер мен бейнеліліктен тұратынын ескеру керек. Бейне мен бейнелілік тропологиялық тілдік бірліктердің қолданысы арқылы тұтасып кеткен ұғым. Сұлулықтың бейнесі мен бейнелілігін репрезентациялайтын әдетте тұрақты тңеулер мен узалды метафоралар.

Қазақ тіліндегі сұлу, әдемі ұғымдары қазақ фразеологизмдерінің өте бай тіркестерін құрайды. Мұнда **көз, бел, маңдай, төс, мойын** сияқты жеке детальдарға қатыссыз да жалпы сұлу деп қабылдаудағы ерекшеліктерінің өзі ұлт мәдениетіндегі сұлулықты сүйкімділікпен қатар пір тұтқаны ұлт менталдылығы ретінде танылады.

Мысалы, кейбір мысалдарға назар аударсақ:

- ◆ адам айтқысыз // айтып болмас
- ◆ ауызға үріп салғандай
- ◆ көргеннің көзі тойғандай
- ◆ ауызбен айтып жеткізе алмау
- ◆ қаса сұлу
- ◆ адамнан асқан сұлу
- ◆ хордың қызындай
- ◆ көз сүріну(сұлулығынан)
- ◆ он төртінші айдай боп
- ◆ жаңа туған ай секілді
- ◆ қараса жан тоймау
- ◆ келбетті келген
- ◆ тілмен (ауызбен) айтып жеткізе алмайтын
- ◆ алтын асықтай
- ◆ киіктің асығындай
- ◆ сағағынан үзілген
- ◆ қырмызыдай ажарлы

- ◆ сүмбідей әдемі
- ◆ жаяу жатып, атты түсіп қарағандай т.б.

Ал қазақтарда сұлулықтың жеке детальдарына эталон болатын мойын, бет, көз, бел, мүсін соматизмдеріне орай қалыптасқан тұрақты тіркестер:

- мойын:** аққу мойын, қаз мойын, алма мойын;  
**бет(ажар)** аршыған жауқазындай (жұмыртқадай), атқан таңдай,  
**:** ай қабақ, алтын кірпік, ақша (бет) маңдай, алма бет;
- төс:** аршын төс;
- көз:** бадана көз, тана көз, айна көз, қарақат көз, жәудір көз, оймақ ауыз, күлім көз, айдай аузы, күндей көзі бар;
- бел:** бұраң бел, қынай бел, құмырысқа бел, қыпша бел;
- мүсін:** сымға тартқан күмістей, Сүмбі сұлу/әдемі, Сырдың құба талындай.

Қазақ қыздарының бұрын сұлулықты қымтап ұстағанын ескерсек, онда жоғарыда келтірілген сұлулықты, әдемілікті сипаттайтын қалыптасқан тұрақты тіркестерінің соншалықты суретті, бейнелі екендігіне шүбә келтіру қиянат.

Ұлан-байтақ қазақ жерінде қазақ ұлты жағасы – жайлауда, төбесі – қыстауда емін-еркін аралас-құралас жүріп, көшпелі тұрмыс салтын рухани мәдениет үлгілеріне өзінше сіңіре берді. Бірақ қалай десек те, Солтүстік қазақтарымен Оңтүстік қазақтарының жер жағдайлары, географиясына қарай бір-бірінен тұрмыс тіршілігі, соған сай зат, құбылысты қабылдау таным ерекшеліктерінде айырмашылық болмай қойған жоқ. «Сұлулық» концептісі қазақ мәдениетінде халықтың өмір сүру дағдылары мен тұрмыс тіршілік ету жағдайларына байланысты.

Мәселен, Э.Сепир тіл мен мәдениет арасындағы сабақтастықты айқындаудың тағы бір фактісі ретінде сол ортаның өмір сүретін географиялық жағдайындағы топографияны мысал етеді. Мәселен, құмда өмір сүретін үндістер де су іздеуге қатысты топологиялық лексиканың анағұрлым көп, жан-жақты екенін көрсетеді. Сол сияқты сұлулық, әдемілік сипаттарын бейнелеуде ұлттық мәдени өмір салты, қоршаған орта, жер жағдайы, құбылысты қабылдау ерекшеліктері көрініс беріп отырады.

Қазақ тіліндегі қолданыста жүрген сұлулық, әдемілік ұғымдарын білдіретін фразеологизмдердің лингвистикалық

ерекшеліктерінен бұрын, сол тұрақты тіркестердің тууына себеп болған жағдай, символдарды сөз етпеске болмайды. Жалпы Шығыстық бейнелеуде қыз сұлулығына көбінесе ай, күн, жұлдыз сөздері ұйытқы болған.

Батыс пен Шығыс сұлулықтары екі ұғым, екі түсінікте. Шығыс, мәселен, қазақ қыздары бетін бүркеп жүрмесе де, еркіндіктің өзі қалай болса, солай деп жүріп тұрмауды шектеп отырған. Төстің «аршын төс» деген бірен-саран тіркеспен шектелуінде ұлттық әдеп бар. Бұрынырақта қыздар төсін байқатпай білінер-білінбес етіп көрсету үшін, киім киісіне мән берген. (Киім ішінен киім кигізетін тыйымды қазір екенін бәрі біле бермеуі мүмкін).

ҚӘТС-де АРШЫН сөзінің заттық мағынасынан басқа сындық мағынасы берілген: *кең, ашық кеуделі* – Көкбестім мінілмеген баршын екен, көрсеткен қызы сұлу *а р ш ы н* екен (ХІХғ. Қаз.поэз.). **Аршын төс поэтикалық. Бәден-бітімі келісті, әдемі төс (көбінесе әйелдерге, қыздарға қатысты айтылды). А р ш ы н т ө с**, алыс қарап келеді қыз, Сүйкімді әм салмақты, ойы тығыз. (Қ.Аманжолов, Таңдамалы шығ.). [2006: 674 б.].

*Аққу мойын*, әрине, *алма мойынмен* тең емес. Тіпті антоним мәнде тұр. Мойны ашық жүретін бойжеткен қыз баланың мойнын аққу мойнына баласа, келіншек кезде бұрын ашық мойынмен жүру әдепсіз, ұят саналғандықтан кимешек астында қалған мойын образдылықпен алмаға теңелуі ақылға симайды. Бұл сірә, кейін пайда болған тіркес. Мұнда алманың түсі емес, сырт жұмыр формасы ассоциацияланып, бір әсерлі көрініс ретінде тұрақты тіркеске айналған болу керек.

«...Культура развивается гораздо быстрее, чем язык и поэтому в каждом языке с культурно детерминистической точки зрения мы обнаруживаем множество архаизмов» [Слобин, 1976: 201]. еске алсақ, онда кешегі сұлу мен бүгінгі сұлуды неге салыстыруға келмейтіні түсінікті. Демек әр кезеңнің адамдары сол кезеңнің мәдениетіне қарай қабылданады.

Мүсінге байланысты «сымға тарқан күмістей, сүмбідей боп жарады» [Қыз Жібек, 1967: с.32]. деген Жібектің суретіндегі *сымға тарқан күмістей* тіркесі зергерлік өнерге қатысты. «Күміс тартқыш – күмісті жіңішкертіп созатын қалып, сым». [Шойбеков, 1993: 42б.].

Ал *сүмбідей* теңеуін келсек, СҮМБІ ҚТӘС-де «Мылтықтың ұңғысын тазалайтын әрі жайлайтын ұзын, жіңішке жұмыр темір немесе тобылғы таяқша» деп, ауспалы мағынасын «*Бой тұрқы түзу, тура*; СҮМБІДЕЙ сын. Сүмбі тәрізді жіп-жіңішке, түп түзу, «*Сұлулығың сүмбідей, Жылқыға бітпес жануар, Сымбатың мен сияғың*» (Батырлар жыры) [2010: 418 б.]. Негізінде *сүмбідей* теңеуі о баста жылқының сұлулығына байланысты қалыптасқандығы жиі

кездесетін мысалдардан байқалады. Тіпті сұлулықты өзіне өмірлік мән еткен Ғ.Мүсіреповте мынадай сөз бар: «Әйел сұлулығы мен ат сұлулығында қазақ халқы үшін толып жатқан ұқсастық бар. Дене сұлулығы, мінез сұлулығы, сезімталдық, еркелік, әйтеуір қазақ әдемі атты әйелге, әдемі әйелді атқа теңей береді»

Ал *Сырдың құба талындай* – әрине, Сыр өңірінің қазақтарының қолданысынан тұрақталған тіркес. Сұлулық символдарына қатысты *қарақат, бадана, алма* – жемістер жер жағдайына қарай таңдалған атаулар.

«Ай» көбінесе қыздың қасын суреттеуде жиірек қолданылатын теңеу. «Он төртінші айдай боп» – толған айдай жарқырап көзге түсер сұлулық (ҚТФС, 1977: 417 б.). Неге ай он төртінші рет санымен айтылған деген сұрақ туады.

Бұл жөнінде жазушы М.Есламғали былай дейді: «Наурыз күнін Батыс Қазақстанда 14 жұлдызда (наурыздың) атап өтеді. Мұның да өз түсінігі бар екен. Біріншіден, қазақ сұлу қыздарды суреттегенде, сыйпаттағанда «Он төртінші айдай боп» деп суреттейді. Шынында Ай әр айдың он төртінші жұлдызында шартабақтай болып, әбден толысады. Сол себепті де халқымыз осы күнді «он төртінші жұлдыз демейді, «айдың бір жаңасы» дейді. Яғни ықылым заманнан бері жаңа туған айдың алғашқы күні деп есептеліп келгенді. [1995: 69 б.]»

Қазақ тіліндегі сұлулық, әдемілік ұғымдарына қатысты жасалған мағыналас фразеологизмдердің лексика-семантикалық ерекшеліктерінен байқалатын нәрсе: әдемілікті жалпы қабылдау, бағалау тұсы, қазақ жерінің төрт бұрышын мекендеген ұлттың зат, құбылысты танудағы, ой елегінен өткізудегі көркемдік деңгейі түрліше болуы. Мысалы солтүстіктің сұлуы – ақша бет болса, оңтүстік сұлуы – алма бет. Мұнда табиғат, ауа райы адамның сырт келбетіне әсер етеді. Суық жақтағы қыс пен ыстық күндері мол жаз айлары кескін келбетті өзінше өңдеп қалыптастырады. Сұлулықты қабылдау индивидуалды болса да, дағдылы сурет символ, эталондарын бәрібір іріктеп шығарады. Мысалы, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы портреттерде қыздардың түсі көбінесе аппақ жүзді, ақша бет боп келеді.

- *Толықша келген, аппақ жүзді, қыр мұрын, қара көз қыздың, жіп-жіңішке қасы да айдай боп күліп тұр.* [Әуезов, III-159].
- *Еснейдің табақтай жалпақ қара шұбар беті қыздың аққу жұмыртқасындай аппақ бетіне жақындай берді.* [Мүсірепов, III-375].

Еуропа сұлуларындағы ортақ параметр кей жерде қазақ сұлуларында табыла бермейді. Қазақ қыздарының әдемілігі, сұлулығы сүйкімділігі бір-біріне ұқсамайды. Әр аймақтың (оңтүстігі болсын, солтүстігі болсын) өз параметрлері бар. Оңтүстіктің дөңгелек бетті, қызыл шырайлы, алма жүзді бойжеткен мен Солтүстіктің атжақты, ашаң жүзді, ақша бет бойжеткен сұлулық тұғырында өзіндік бағалау деңгейінде бөлек тұрады.

Ал аталған ұғым, түсініктер туралы қазақ тілінде қазір қандай фразеологиялық қолданыстар бар деген ойға келсек, шынында әр заман Мәдениеті арқылы табынатын сұлулық кредосын сөзбен анықтау қиын. Дәл бүгінгі таңда адамдардың айналаны қабылдаудағы таным биігі тым күрделі. Оның үстіне тіл мен мәдениеттің адамдарды бүгінгі күн тұрғысынан Батыстық-Шығыстық дейтін мәдени қарым-қатынастар жақындататын да, алыстататын да әлеуметтік факторға айналып отыр.

Өткен ХХ ғасырдың соңында сұлулық ұғымы **әлемдік өлшемге** ауыса бастады. Дүние жүзінде сұлулық эталоны деңгейлік параметрлерге көшті: 90- (кеуде) – 60 (бел) – 90 (бөксе). Мәселен, қазір қазақ жастары үшін (басқа ұлттарда да солай) сұлулық, әдемілік «топ-модель» ұғымына келіп тірелді. Және бір қызығы бұрын қазақ ұлтында сұлулық, әдемілік ұғымына тән фразеологизмдерді әйелге қатысты етіп, ер адамдардың көзімен қабылданып бейнелеген тіркестер болса, дәл қазір «сүйген сұлуын» қыз бен жігіт нендей образдылықтан туғызатыны бір құдайға аян. Фразеологизмдердің компонентіне негіз болар лексикалардың (мысалы, бұрынғы қарақат көз, оймақ ауыз, қыпша бел т.б.) ассоциациялануға қазір түрткі болар символдарды, эталондарды атау қиын. Н.Чернышевскийдің әйгілі сұлулық идеалы туралы айтқан «ақсүйек сұлуы мен шаруа сұлуына»қоятын талаптар деңгейі қазақ ұлтында болмағандықтан, сұлулықты бейнелейтін фразеологизмдермен сипатталған ұғым жалпы сұлулық коцептісін қалыптастырған.

Ұлттық қабылдау ерекшелігі өзгерген соң, ассоциацияда өзгереді. Мотивацияға негізделген ұлттық мәдени жағдайдың әсері ассоциацияға да ықпалын тигізеді. Сол себепті әлемнің концептуалдық суреті әр кезеңдерде, әр әлеуметтік жағдайларда адамдар үшін түрлі спектрде танылады. Сөйлеушінің тілдік әлемінде объективті заттар, құбылыс ерекшеліктері субъективті түрде қабылданып, бағаланады. «Объективті дүниенің субъективті образы» сияқты боп шығатынын айта келе В.А.Маслова:

«Картина мира, которую можно назвать знанием о мире, лежит в основе индивидуального и общественного сознания. Язык же выполняет требования познавательного процесса. Концептуальная картина мира у разных людей могут быть

различными, например у представителей разных эпох, разных социальных, возрастных групп, разных областей научного знания и т.д. Люди говорящие на разных языках, могут иметь при определенных условиях близкие концептуальные картины мира, а люди, говорящие на одном языке – разные» [1997: 51].

Әлем көрінісі, шынында зат, құбылыс, әрекеттердің «фотографиялық» жинағы сияқты ғана емес, бұл көріністер де қаншалықты нақтылы болса, оны қабылдап, танушы адамның да өзіндік ішкі көзқарасы да соншалықты нақты. Ол өзі таныған іс әрекет, зат, құбылысты қабылдап қана қоймай, өз түсінік, әсерін өз ұлт тілінде кесіп, пішеді, кейде тура мағына фразеологизмнің ішкі формасына айналады. Сұлулыққа қатысты тұрақты тіркестердің образды-ассоциациялы семантикасынан ұлттың өзіндік қабылдау ерекшелігін байқаймыз. Ал қазіргі қазақтардың «сұлулық» ұғымын фразеологиялық тіркестермен бейнелі суреттеуі өзгермегенмен, қазіргі жастар тілінде тұрақты қолданыс байқала бермейді. Жастар «сұлулықты» бағалайды, қызығады, бірақ, олардың қолданысында сленг пен жаргондық сипаттағы, тұрақталмаған сөздер мен тіркестер кездеседі.

«Сұлулық» концептісі қазақ тіл білімінде арнайы сөз етілмей келеді. Алдағы зерттеулер аясында ер-әйел сұлулығының лексика семантикалық және паремиялық, фразеологиялық қорындағы тілдік бірліктердің лингвомәдени сипаты талдануы тиіс. Сондай-ақ, туыс және туыс емес тілдердегі «сұлулық» концептілерін салыстыра қарастырғанда әр ұлттың әлем суретін қабылдаудағы этноменталдық ерекшеліктері айқындалады.

## ӘДЕБИЕТ

- 1 Әуезов М. III том. – Алматы: Жазушы, 1979. -423с.
- 2 Есламғалиұлы М. Сан қилы сауал. – Алматы: Ана тілі, 1991.-86 б.
- 3 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. -711 б.
- 4 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. –Алматы: Арыс, 2006. 1 том. -748 б.
- 5 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. –Алматы, 2010. 13 том. -750 б.
- 6 Қыз Жібек. – Алматы: Жазушы, 1967. – 32 б.
- 7 Маслова В. А. Введение в когнитивную лингвистику. -М.,Наука, 2007.-240с.
- 8 Мүсірепов Ғ. Ой сезім сәттері. –Алматы: Жалын, 1996.-144 б.
- 9 Слобин Дж.Грин.Психоллингвистика. –М.,Прогресс,1976. -349с.
- 10 Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993.-189 б.

## REFERENCES



- 1 Auezov M.III tom. – Almaty: Jazushi, 1979. -423 b.
- 2 Eslamgalyuli M.San kyili saual. –Almaty: Ana tili,1995. -86b.
- 3 Kenesbaev S.Kazak tilinin frazeologyalik sozdigi. –Almaty: Gilim,1977. -711 b.
- 4 Kazak adebi tilinin sozdigi. – Almaty: Aris, 2006. 1tom. -748 b.
- 5 Kazak adebi tilinin sozdigi. – Almaty: Aris, 2010. 13 tom. -748 b.
- 6 Kiz Jibek. –Almaty: Jazushi, 1967. -С.32
- 7 Maslova V.A. Vvedenie v kognitivniy lyngvistiku. -M., Nauka. 2007.-240с.
- 8 Musrepov G. Oi sezim satteri. – Almaty: Jalin, 1996.-144 b.
- 9 Clobin L;.Gryn. Psyholingvistika. –M.,Progress,1976. -349 s.
- 10 Shoybekov R.Kazak zegerlik onerinin leksykasi. –Almaty: Kazakhstan, 1993.-144 b.

### Резюме

Г.Н.Смагулова

(Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан)

В статье рассматриваются особенности фразеологической репрезентации концепта «красота» в казахском языке. Во главу угла ставится мысль о том, что система эстетических ценностей у каждого человека индивидуальна и в силу этого разнообразна. Среди них особое место занимают такие ценностные понятия, как *красота*, *прекрасное* и *гармония*, которые, в отличие от категорий морали, нравственности, являются в большей степени устойчивыми, постоянными. Причиной этому служит объект, изображающий красоту, который является предметом, вещью, явлением природы, то есть представлен в конкретно-чувственных образах. Поэтому *гармония* как составляющая концепта *красота* выступает весомой частью языковой картины мира казахского народа. Исследование специфики реализации концепта *красота* в языковой картине мира на примере казахских фразеологизмов позволяет конкретизировать лингвокультурологический аспект характеристики этого концепта в казахском языке.

**Ключевые слова:** ценность, концепт, языковая картина мира, этнокультурные особенности, ментальность, фразеологизмы

### Summary

G.N.Smagulova

(Al-Farabi Kazakh natinol university)

In the article the peculiarities of phraseological representation of the “beauty” concept in the Kazakh are reviewed. The main idea is that the system of esthetical values of each human is individual and therefore is multivarious. Among them such valuable meanings as *beauty*, *elegance* and *harmony* take special place and are constant and permanent to a greater extent comparing with categories of morality, ethics. The reason is that the object, featuring a beauty, which is also subject matter, item, and/or nature phenomena, i.e. it is exposed in concise and sensuous imagination. That is why the *harmony* as component of the *beauty* concept appears as significant part of language picture of the

Kazakhs. The research of the beauty concept realization's specifics in the language picture of the world on the samples of Kazakh phraseological units allows to concretize lingual and culturological aspects of characteristics of this concept in the Kazakh language.

**Keywords:** value, concept, language picture of the world, ethno-cultural peculiarities, mentality, idioms